



БІЛІМ САЛАСЫНДА БІРҚАТАР
ӨЗГЕРІСТЕР ОРЫН АЛМАҚ

2



«ЕҢБЕК АДАМЫН ҰЛЫҚТАУ –
ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ»

4

№24 (764). 26 маусым, 2026 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!



ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



ЖАЛАҚЫ КӨТЕРІЛІП, НЕСИЕЛІК ЖҮКТЕМЕ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Үкімет 2026-2029 жылдарға арналған халықтың табысын арттыру жөніндегі кешенді жоспарды бекітті. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды. Жоспарда жалақы, жұмыс орындары, азық-түлік бағалары, салықтық жеңілдіктер, әлеуметтік қолдау және қазақстандықтардың қарыз жүктемесін азайту шаралары қарастырылған.

Құжатта 2025 жылы Қазақстан экономикасы 6,5%-ға өскені атап өтілген. Алайда соған қарамастан халықтың нақты табысы төмендеген, инфляция салдарынан сатып алу қабілеті азайған. Жоспардың мақсаты – жалақыны нақты 10%-ға арттыру және инфляциядан жыл сайын 2-3%-ға озып отыру. Бұл, ең алдымен, төмен және орта жалақы алатын қызметкерлерге қатысты болмақ.

Мемлекеттік қолдау алатын жұмыс берушілер, субсидиялар мен жеңілдетілген несиелерді пайдаланатындар – қызметкерлеріне өңір бойынша медианалық жалақыдан төмен емес еңбекақы төлеуге міндеттеледі. Олай болмаған жағдайда жұмыс берушілер мемлекеттік қолдаудан айырылады.

Әкімдіктер ірі және орта кәсіпорындардың басшыларымен, сондай-ақ сауда желілерімен кездесулер өткізіп, кассирлердің, жүк тиеушілердің, әкімшілердің және басқа да қызметкерлердің жалақысын көтеру мәселесін талқылайды. Келісімдер ұжымдық шарттарда бекітіледі.

Ең төменгі жалақы 2026 жылдың соңына қарай қайта қаралады. Бюджеттік қызметкерлер: мұғалімдер, дәрігерлер, мемлекеттік қызметкерлер үшін жалақыны индексстеу 2029 жылдың 1 қаңтарынан бастап қарастырылған, негізгі назар орта және төмен буын қызметкерлеріне аударылады.

Сонымен қатар жыл сайын 240 мыңға дейін сапалы жұмыс орындарын құру жоспарланған, ал 2029 жылға қарай олардың жалпы саны 3,8 миллионға жетуі тиіс. Құжаттағы анықтамаға сәйкес, сапалы жұмыс орны – кемінде алты ай және одан ұзақ мерзімді тұрақты жұмыс, өңір бойынша медианалық жалақыдан төмен емес еңбекақы, зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, медициналық сақтандыру, ақылы демалыс және қауіпсіз еңбек жағдайлары қамтылған жұмыс орны.

Азық-түлік бағасы

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесі 15%-дан аспайтын деңгейде шектеу сақталады. Бұл талаптың орындалуына бақылау күшейтілетіні хабарланды.

2027 жылдың қаңтарынан бастап азық-түлік тасымалына арналған теміржол тарифі 36%-ға төмендетіледі. Барлық өңірлерде апта сайынғы ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері жалғасады. Маусымдық баға шарықтауын тежеу үшін азық-түлік тиелген жүк көліктеріне басымдық берілетін "жасыл дәліз" енгізіледі. Инфляцияны 2029 жылға қарай 5-7% деңгейіне дейін төмендету жоспарланған.

(Жалғасы 2-бетте) ▶



Гаухар ТОЯЛИЕВА,
стоматолог-дәрігер:

«ӘР ІСТІҢ ӨЗ ҚИЫНДЫҒЫ МЕН ТАЛАБЫ БАР»

Дәрігер болу – үлкен жауапкершілік пен адам өміріне деген адалдықтың белгісі. Ал сол жауапкершілікті өмірлік серігіңмен бірге арқалап, ортақ істі табысты дамыту – ерекше үйлесім мен сенімнің көрінісі. Бүгін біз стоматология саласында абыройлы еңбек етіп қана қоймай, жұбайымен бірге отбасылық бизнесті табысты жүргізіп отырған шымкенттік стоматолог-дәрігер, «Implant City Premium» клиникасының негізін қалаушы Тоялиева Гаухар Абзалбекқызымен сұхбаттасқан едік.

Гаухар ханым – өз ісінің білікті маманы ғана емес, сүйікті жар, аяулы ана және көптеген жандарға әдемі күлкі сыйлап жүрген жан. Ол заманауи стоматологияның қыр-сырын халыққа түсінікті тілде жеткізіп, әлеуметтік желіде де белсенділік танытып келеді. Instagram парақшасы арқылы кәсіби тәжірибесімен бөлісіп, ауыз қуысы күтіміне қатысты пайдалы кеңестер ұсынып, оқырмандарымен тығыз байланыс орнатқан дәрігер ретінде де көпшілікке жақсы таныс.

«МЕН ӘРДАЙЫМ МҮМКІНДІКТІ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУҒА ТЫРЫСАМЫН...»

– Гаухар ханым, ең алдымен «Еңбек адамы» деген ұғымды өзіңіз қалай түсінесіз? Нағыз еңбекқор адам қандай болуы керек?

– Жалпы, еңбек адамы – қоғамның дамуына өз еңбегімен үлес қосып, адал қызмет ететін, маңдай терімен нәпақасын тауып жүрген кез келген адам. Ол тек белгілі бір мамандық иесі ғана емес, өз ісіне жауапкершілікпен қарап, қоғамға пайда келтіруді мақсат ететін тұлға. Осы жерде еңбек адамы деген ұғымға жолдасым екеуіміздің жасап жүрген еңбегімізді мысал ретінде айта аламын. Себебі біз үйленгеннен кейін жастайымыздан екі-үш жерде қатар жұмыс істедік. Кейде екеуіміз де екі жерде, қолымыздан келіп жатса, үш жерде қатар еңбек еттік. Еңбек ету оңай нәрсе емес. Көпшілік оның мәнін толық түсіне бермейді. Қазіргі кезде адамдардың көбі стоматолог болуды оңай кәсіп деп ойлайды, табысы да жеңіл келеді деп есептейді. Бірақ әр істің өз қиындығы, өз талабы бар. Қандай жұмыс, қандай мамандық болмасын, бәрі де еңбек пен төзімділікті талап етеді. Аянбай еңбек етудің арқасында бүгінде сол еңбектің тәтті жемісін көріп отырмыз.

(Жалғасы 3-бетте) ▶



«ҚЫЗМЕТ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



ЖУРНАЛИСТІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ –
ШЫНДЫҚҚА АДАЛ БОЛУ

6



ЖАЛАҚЫ КӨТЕРІЛІП, НЕСИЕЛІК ЖҮКТЕМЕ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ауыл тұрғындарына қолдау

"Ауыл аманаты" жобасы аясында ауылдар мен шағын қалалардың тұрғындарына жеке шаруашылықты дамыту, кооперативтер мен шағын бизнесті қолдау үшін 30 мыңнан астам бюджеттік микрокредит беру жоспарланып отыр. Сонымен қатар агрокомпетенцияларды оқыту және ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту да қарастырылған.

Несиелер мен азаматтардың қарыз жүктемесі

2026 жылдың мамырына қарай қазақстандықтардың тұтынушылық несиелері 17 триллион теңгеге жетті. Оның ішінде 3 айдан астам мерзімі өткен берешек көлемі 1 триллион теңгеден асады.

Жоспар аясында несиелерді рәсімдеу кезіндегі комиссиялар саны қысқартылмақ, несие шарттары түсінікті көрсетілетін стандартты құжат енгізіледі, онда ұсақ шрифт пен жасырын төлемдер болмайды. Бірнеше несие беруші алдындағы берешекті бірден реттеуге арналған бірыңғай цифрлық платформа іске қосылады. Ал ауыр қаржылық жағдайда қалған азаматтар үшін банкроттық рәсімі жеңілдетіліп, оның мерзімі бір айға дейін қысқартылады.

Цифрлық платформалар арқылы табыс табатындарға қатысты жаңа ережелер

Шамамен 394 мың қазақстандық цифрлық платформалар арқылы табыс табады – такси, жеткізу қызметі, фрилансерлер. 2024 жылдың қыркүйегінен бастап бұл жұмыс форматы ресми мәртебе алды. Алғашқы жылы бюджетке 6,3 миллиард теңге салықтар мен әлеуметтік төлемдер түскен.

Жоспарда платформалық жұмыспен қамтуды одан әрі реттеу көзделген. Мұндай қызметкерлерде тұрақты әлеуметтік кепілдіктер мен құқықтарын қорғаудың ашық тетіктері енгізіледі.

Дәрі-дәрмек пен әлеуметтік қолдау

Жекелеген санаттағы азаматтар кепілдендірілген тегін медициналық көмектің көлемі аясында тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі. Денсаулық сақтау министрлігінің мониторинг деректеріне сәйкес, 2025 жылдың маусымы мен 2026 жылдың наурызы аралығында 631 дәрілік атаудың бағасы орта есеппен 24,6%-ға төмендеген.

Ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен табыс алатын отбасыларға тиесілі жеңілдіктер туралы автоматты түрде SMS арқылы хабарлама жіберіледі. Өтінішті қолмен тапсыру қажет болмайды. Бұл формат құжатта "әлеуметтік әмиян" деп аталады.

Ипотекалық салықтық шегерім

Жоспарда 2029 жылдан бастап ипотекалық пайыздар бойынша толық салықтық шегерімді қайтару мәселесі қарастырылған. Бұл шешім 2027 жылдың соңына дейін қабылдануы тиіс. Ипотекасы бар отбасылар үшін бұл нақты салықтық жүктемені азайтады.

Жоспар 2029 жылға дейін есептелген. Әр жарты жыл сайын министрліктер мен әкімдіктер Ұлттық экономика министрлігіне іс-шаралардың орындалуы туралы есеп беріп отырады.

БІЛІМ САЛАСЫНДА БІРҚАТАР ӨЗГЕРІСТЕР ОРЫН АЛМАҚ

Жаңа заңға сәйкес мектептерде телефон қолданудың ережесі бекітіледі, ата-аналардың жауапкершілігі күшейеді, ал педагогтердің құқықтары нақты айқындалады.

2026 жылғы 12 маусымда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев педагог мәртебесі, білім беру, денсаулық сақтау және бала құқықтарын қорғау мәселелері бойынша заңға қол қойды. Құжат ресми жарияланған күннен кейін 60 күн өткен соң күшіне енеді. Демек, жаңа нормалардың басым бөлігі алдағы оқу жылында қолданыла бастайды. BAQ.KZ тілшісі заңдағы оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер үшін маңызды өзгерістерді саралап шықты.

Мұғалімдер оқушы үшін қашан жауап береді?



«Педагог мәртебесі туралы» заңға жаңа норма енгізілді. Құжатқа сәйкес, педагог пен білім беру ұйымының басшысы оқушылармен немесе тәрбиеленушілермен болған оқыс оқиғалар үшін тек кәсіби қызметін атқару кезеңінде ғана жауапты болады. Заңның жаңа редакциясында былай делінген. «Педагог және (немесе) білім беру ұйымының басшысы білім алушылармен және тәрбиеленушілермен болған оқиғалар үшін тек өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру кезеңінде, оның ішінде білім беру қызметіне байланысты лауазымдық міндеттерін орындау барысында ғана жауапты болады» деп көрсетілген. Бұл норма мұғалімдердің жауапкершілік шегін нақтылауға бағытталған.

Мектептерде телефон қолданудың жаңа ережесі енгізіледі

Заңға сәйкес, Білім саласындағы уәкілетті орган оқушылардың мектептерде ұялы телефон пайдалану тәртібін бекітеді. Құжатта: «Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ұялы байланыс құрылғыларын пайдалану қағидалары әзірленіп, бекітіледі» деген норма енгізілген. Бұл талаптың нақты қалай жұмыс істейтіні кейін арнайы қағидаларда айқындалады.

Ата-аналардың жауапкершілігі күшейтілді

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекске енгізілген түзетулерге сәйкес, ата-аналардың міндеттері кеңейтілді. Бұған дейін ата-аналар баланы тәрбиелеу мен дамытуға жауапты болса, енді олардың жауапкершілігіне баланың денсаулығы, өмірі, қауіпсіздігі де тікелей енгізілді.

Оқушылар мұғалімнің құқығын құрметтеуге міндетті

«Білім туралы» заңға енгізілген өзгеріске сәйкес, білім алушылардың міндеттері толықтырылды. Енді оқушылар «Педагогтің заңмен белгіленген құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге» міндетті болады. Бұл талап мектептегі тәртіп пен педагог мәртебесін күшейтуге бағытталған.

Олимпиада жеңімпаздарына қосымша қолдау көрсетіледі

Занда республикалық және өңірлік деңгейдегі олимпиада, ғылыми жоба, кәсіби шеберлік және шығармашылық байқаулар жеңімпаздарының халықаралық жарыстарға қатысуын қаржыландыру тетіктері де қарастырылған. Енді мемлекет республикалық және өңірлік жеңімпаздардың халықаралық деңгейдегі білім, ғылым және кәсіби шеберлік сайыстарына қатысуына қолдау көрсетеді.

Заң қашан күшіне енеді?

Құжаттың қорытынды бабына сәйкес, заң алғаш ресми жарияланған күннен бастап 60 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Сондықтан жаңа нормалардың басым бөлігі 2026-2027 оқу жылының басында күшіне енеді және мектептер мен білім беру ұйымдарының жұмысына тікелей әсер етеді.

«СӘН-САЛТАНАТ» САЛЫҒЫ 2027 ЖЫЛДАН БАСТАП ТӨЛЕНЕДІ

Мемлекеттік кірістер комитетінің өндірістік емес төлемдерді әкімшілендіру басқармасының басшысы Гүлмира Смағұлова биыл елімізде қымбат жылжымайтын мүлік иелері көп салық төлемейтінін мәлімдеді. Айтуынша, «Сән-салтанат салығы» деп аталатын ережелер 2027 жылдан бастап жұмыс істейді. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Гүлмира Смағұлованың айтуынша, қазіргі уақытта салық органдары жеке тұлғалардың мүлік салығын стандартты түрде есептеп отыр. Жақын арада бұл сомалар банктердің мобильді қосымшаларында және e-Salyq Azamat

ресми сервисінде тексеруге және төлеуге қолжетімді болады.


«Жаңа Салық кодексінде қымбат мүлікке жоғары мөлшерлемелер енгізу қарастырылған және бұл нормалар 2026 жылдан бастап күшіне енгенімен, есептеу тәртібі

бөлек. Қазақстанда мүлік салығы әрдайым өткен жылдың қорытындысы бойынша төленеді. Осыған байланысты ол тек 2026 жыл үшін есептеліп, 2027 жылы ғана төленеді. Биыл ешкім сән-салтанат салығын төлемейді. 2027 жылы сол кезде нормалар іске қосылады», – деді Гүлмира Смағұлова.

Осылайша, қымбат элиталық жылжымайтын мүлік пен басқа да сән-салтанат заттарына қатысты жоғары салық төлемдері қазақстандықтарға тек бір жылдан кейін ғана келеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ АРАНДАТУ ҚАЛАЙ ЖАЗАЛАНАДЫ?

Бас прокуратура әлеуметтік желілерде арандатушылық сипаттағы жазбалар мен пікірлердің көбеюіне байланысты қазақстандықтарға үндеу жасады. Ведомство азаматтарға араздықты қоздыру, заңсыз контент пен жалған ақпаратты таратқаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын ескертті, деп хабарлайды ulysmedia.kz.



Мәселен, Қылмыстық кодекстің 174-бабына сәйкес, алауыздықты қоздырғаны

үшін жасалған іс-әрекеттің ауырлығына қарай 2 мыңнан 7 мың АЕК дейін айыппұл салу не 2 жылдан 20 жылға дейін бас бос-

тандығын шектеу немесе айыру түріндегі жаза көзделген.

Сонымен қатар Қазақстанда онлайн-платформаларда құқыққа қайшы контентті орналастыруға және таратуға тыйым салынған. Егер мұндай әрекеттерде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болмаса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 456-2-бабының 3-1-бөлігіне сәйкес 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Таратылатын ақпараттың шынайылығын тексеруге ерекше назар аудару, сондай-ақ қоғамда алауыздық туғызуы мүмкін материалдарды жариялаудан және таратудан бас тарту қажет. Жалған ақпаратты орналастырғаны және таратқаны үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 456-2-бабының

3-бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген. Ал көрінеу жалған ақпарат таратқан жағдайда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 274-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

«Сондай-ақ мұндай жарияланымдардың авторлары ғана емес, оларды саналы түрде таратуға қатысқан адамдарға да құқықтық салдар туындайтынына назар аудартамыз. Бас прокуратура азаматтарды арандатушылыққа ермеуге, тексерілмеген ақпаратты таратпауға, қоғамдық келісіммен азаматтар арасындағы өзара құрметке нұқсан келтіруі мүмкін жарияланымдар мен пікірлерден бас тартуға шақырады», – делінген Бас прокуратура таратқан хабарламада.

◀ (Соңы. Басы 1-бетте).

– **Стоматолог мамандығын таңдауыңызға не себеп болды? Бұл балалық арманыңыз ба, әлде өмірлік таңдауыңыз ба?**

– Негізі, бала кезімнен үш түрлі салаға қызығатынымын. Бірде дәрігер болып, көрші қыздардың тістерін қарап ойнасам, енді бірде мұғалім болып сабақ өткізетінмін, ал кейде өнерге жақын болып, актерлік қырмыды байқап көретінмін. Жалпы, жан-жақты бала болдым. Мұғалім болу маған ұнайтын, бірақ өзімді өмір бойы тек сол салада елестете алмадым. Мен кез келген нәрсені тез үйренуге бейім адаммын. Өмірде өнерді де, ұстаздықты да байқап көріп, өзімді әр қырымнан сынадым. Бірақ дәрігерлік жаным жақын болды. Бұл іске ерекше жауапкершілікпен қарап, бар ынталмен кірісемін. Бұл жолда менің бағытымды түзеп, әрдайым қолдау көрсеткен жан – анам болды. Ал әкем «қыз балаға бұл мамандық ауыр болады» деп қарсылық танытты. Дегенмен, медицинаға деген қызығушылығым мен қабілетім басым түсіп, нәтижесінде стоматология саласында білім алып, тәжірибе жинап, кәсіби тұрғыдан шыңдалдым.

– **Отбасылық бизнесті бастау идеясы қалай пайда болды? Бұл жолда қандай қиындықтарға тап болдыңыздар?**

– Жоғарыда айтып өткенімдей, жолдасым екеуміз бірнеше жерде қатар жұмыс істедік. Жұмыс істеген орындарымыздың көбі қаланың шетінде орналасқан еді. Оның үстіне біз қызмет еткен клиникаларда даму, жаңашылдық деген ұғым аса байқалмайтын. Ал мен әрдайым даму жолында жүретін адаммын. Өз клиникамыз болмаса да, «былай жасасақ», «осылай өзгерсек» деп үнемі жаңашылдыққа ұмтылатынымын. Сол кезде қазіргідей жеңілдіктер мен түрлі акциялар жоқ еді. Мен бір тісті емдеткен адамға екінші қызметті жеңілдікпен ұсыну сияқты тәсілдерді ойлап тауып, клиент жинауға тырысатынымын.

Бір күні автобус аялдасымда әншілердің афишаларын көріп, маған ерекше ой келді. «Біз де клиниканы осылай жарнамалайық» дедім. Бірақ жолдасым бастапқыда «ұят болады» деп келіспеді. Ал мен ұялмадым. Кейде автобусқа мініп алып, жолаушыларға визитка таратып, өзім жарнама жасайтынмын. Сол әрекетімнің нәтижесін ертеңіне көрдім. Жолдасым маған хабарласып: «Тезірек кел, клиент өте көп, үлгермей жатырмыз!» – деп шақырды. Барсам, олардың көбі кеше өзім визитка беріп шақырған адамдар екен.

Мен әрдайым бар мүмкіндікті дұрыс пайдалануға тырысамын. Кейін Instagram кеңінен қолданыла бастағанда, әлеуметтік желіні де жүргізе бастадым. Елдің сөзіне, жұрттың сынына қарамай, батыл қадам жасадым. Өзімнен өзім сөйлесіп, влог түсіріп, жасаған жұмыстарымды жариялап отырдым. Ол кезде қазіргідей монтаж да жоқ еді. Жұмысым жақсы болсын, жаман болсын, бәрін ашық түрде бөлісетінмін. Заман ағымымен біз де бірге дамып отырдық. Ал қазір қарап отырсам, қазіргі жастардың арасында жалқаулық пен өмірге деген құлшыныстың азайып бара жатқанын байқаймын. Тіпті дайын тұрған жұмысты да істегісі келмейтіндер кездеседі.

Осы еңбек жолында өзіміз өзгенің қолында жұмыс істедік, адал болдық, ешкімнің ақысын жеген жоқпыз. Уақыт өте келе клиенттеріміз көбейіп, табысымыз да артты. Бірақ сол кезде кейбір адамдардың қызғанышы байқала бастады. Еңбегімізді бағаламау, табысымызды дұрыс бөлмеу, түсініспеушіліктер мен келіспеушіліктер көбейді. Негізі, адам баласының ең жаман қасиеттерінің бірі – көреалмаушылық деп ойлаймын. Сол көреалмаушылықтың салдарынан біздің еңбегімізді жоққа шығарып, қызғанышпен қарай бастады. Соның салдарынан түрлі клиникалардан кетіп, қайта-қайта жұмыс ауыстыруға мәжбүр болдық. Бірақ менің ойымда үнемі өз клиникамызды ашсақ деген арман болды. «Қолымыздан келеді ғой. Қазір жаспыз, күш-қуатымыз бар. Нөлден бастап дамытсақ та болады. Кейін жас ұлғайғанда қалай болады?» деп ойлайтынмын. Сөйтіп, қолымызда күш-жігеріміз бар кезде клиника ашуға бел будық. Жан-жақты ізденіп, ғимарат таптық. Жөндеу жұмыста-



Гаухар ТОЯЛИЕВА, стоматолог-дәрігер:

«ӘР ІСТІҢ ӨЗ ҚИЫНДЫҒЫ МЕН ТАЛАБЫ БАР»

ры көп қаражатты талап етті. Тіпті көлігімізді сатып, жөндеу жұмыстарын аяқтап, клиникамызды аштық.

Әрине, қиындықтар аз болған жоқ. Бастапқы кезде медбике мен тазалық қызметкерін жалдауға қаражатымыз жетпеді. Сонда жолдасым: «Уайымдама, бәріне өзіміз үлгереміз», – дедім. Таңғы жетіде келіп, клиниканы тазалап, еден жуып, барлығын ретке келтіріп, таңғы тоғыздан бастап дәрігер ретінде жұмысымды бастайтынмын.

Бір күні еден жуып жүрсем, клиент ерте келіп қалды. Мен ұялып, швабрамды тез жасырып қойдым. Әрине, мен сол еден жуған қолыммен бірден тіс емдеуге кірісіп кетпейтінім анық қой, дегенмен клиенттің көзқарасында белгілі бір түсініспеушілік пайда болды. Содан кейін жолдасым: «Бұл дұрыс емес екен», – деп тазалық қызметкерін жұмысқа алдық, кейін медбикелер де келе бастады. Бағымызға қарай, Алланың қолдауымен тек жақсы қызметкерлер кездесті. Жұмысымыз өте жақсы жүріп, кәсібіміз қарқынды дами бастады. Бүгінде Шымкент қаласында екі клиникамыз бар.

«ПАЦИЕНТТЕР ДӘРІГЕРДІҢ ЕСКЕРТУЛЕРІНЕ МӘН БЕРЕ БЕРМЕЙДІ...»

– **Жолдасыңызбен бірге жұмыс істеудің қандай артықшылықтары бар?**

– Біздің басты артықшылығымыз – жолдасым екеуміздің бір-бірімізді әрдайым толықтырып отыратынымыз. Мысалы, жолдасым хирургиялық бағытқа жақын. Ол кісі бұрын облыстық балалар ауруханасында операция жасаған, өте білікті маман. Кейбір пациенттеріміз тісі қатты асқынып кеткен жағдайда келеді. Мұндай кезде жолдасым еш қорықпай, тез әрі сапалы жұмыс істеп шығады. Ол үшін бұл қиын емес. Ал мен терапиялық бағытқа жақынмын. Әйел адамдар көбінесе осы салаға бейім келеді ғой. Мен балалармен көп жұмыс істеймін. Кейде мен жасай алмай тұрған жұмысты жолдасым атқарады, ал оған қиын болып тұрған жағдайларда мен көмектесемін. Біз әрдайым бір-бірімізді қолдап, демеп жүреміз. Қазіргі таңда жолдасым – Шымкент қаласы бойынша кеспей, тікпей жұмыс істейтін ең білікті имплантологтардың бірі.

– **Стоматолог мамандығы сырт көзге жеңіл көрінгенімен, оның қарапайым халыққа байқала бермейтін қандай қиындықтары бар?**

– Халыққа көп байқала бермейтін қиындықтардың бірі – пациенттердің дәрігердің алдын ала айтқан ескертулеріне мән бермеуі. Көп жағдайда тексеру кезінде рентгенге түсіріп, «Мына тісті қазір емдеу керек, кейін асқынып кетсе қиын болады» деп түсіндіреміз. Бірақ пациенттердің кейбірі іштей «ақша үшін айтып тұр», «тісім ауырып

тұрған жоқ қой» деп ойлайды. Сол себепті алдын алуға болатын мәселені уақытында емдеткісі келмейді. Ал кейін тісі асқынып, жағдайы күрделенген кезде амалсыздан келіп, әлдеқайда көп қаражат жұмсап емделуге мәжбүр болады. Біз дәрігер ретінде мәселенің неге алып келетінін алдын ала көріп, біліп тұрамыз. Сондықтан айтқан кеңесімізге құлақ асса дейміз. Дәрігер ретінде айтар кеңесім – «Қазір ауырмай тұр ғой, неге емдетемін? Бұл – бос шығын» деп қарамаңыздар. Дәрігер ұсынған уақытта ем қабылдаған әлдеқайда дұрыс.

Кейбір қиындықтар пациенттердің салыстыруынан да туындайды. Мысалы, «Пәленше имплант жасатты, тез жазылып кетті, менікі неге бұлай?» деп түсінбей, реніш білдіретіндер болады. Ал шын мәнінде импланттың жазылуы әр адамның ағзасына, иммунитетіне байланысты. Халық осыны түсініп, дәрігердің айтқан кеңесіне құлақ асса, көптеген қиындықтардың алдын алуға болады.



– **Еңбегіңіздің жемісін сезінетін ерекше сәттеріңіз туралы айтып берсеңіз. Пациенттердің алғысы сізге қаншалықты күш береді?**

– Адам баласы көбіне өз еңбегінің құнын толық бағалай бермейді ғой. Менде де солай. Кейде күнделікті жұмысым үйреншікті дүниеге айналып кеткендей көрінеді. Бірақ кейде пациенттер «Сізді Instagram-нан көріп, арнайы Астанадан келдім», «Қостанайдан сіз үшін келдім» деген кезде таңғалып, өзіме деген сенімім арта түседі. Әрине, іштей қуанып, сансыз шүкіршілік айтамын. Бірақ сонымен бірге өзімді сабырға шақырып, дандайсып кетпеуге тырысамын. Дегенмен бұл – өте ерекше сезім. Сол кезде өз еңбегімнің жаңа бір тынысы ашылғандай болады.

Менің Қызылордадан арнайы келіп емделетін тұрақты пациентім бар. Бір күні одан: «Неге сонша жерден маған келесіз?» – деп сұрадым. Сонда ол: «Сіз сияқты ешкім жасай алмайды. Уколды өте жеңіл саласыз, пломбаларыңыз да ұзақ уақытқа шыдайды»,

– деді. Осындай сөздерді естігенде ерекше марқайып қаламын. Өз жұмысымнан үлкен ләззат аламын. Маған сенім артып, арнайы іздеп келетін әрбір пациентіме деген алғысым шексіз.

АДАЛ ЕҢБЕК ЖЕРДЕ ҚАЛМАЙДЫ

– **Кәсіп пен отбасы арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың сыры неде?**

– Қазіргі таңда маған жиі қойылатын сұрақтардың бірі – осы. Шынында да, отбасы мен кәсіпті қатар алып жүру, екеуіне де бірдей көңіл бөлу оңай емес. Алғашында өте қиын болды. Жұмыстан кеш қайтып, балаларға уақыт бөлуге мүмкіндік аз болатын. Ал қазір бәрі өз орнына келгендей. Уақыт өте келе үйрендім. Барлығы белгілі бір жүйеге түсті. Клиникаға арналған уақыт бір бөлек, пациенттерге арналған уақыт бір бөлек, отбасыма арналған уақыт бір бөлек, тіпті өзіме арналған уақыт та бар. Осы уақыттың барлығын үйлесім мен гармонияда ұстап тұрудың өзі – үлкен өнер деп ойлаймын.

Өмірде өзімді мінсіз әйелмін деп айта алмаймын. Менің де кемшіліктерім бар. Бірақ уақытымын көп бөлігін отбасыма арнауға тырысамын. Жұмысқа беріліп, ақшаның соңынан қуып кетпеуге тырысамын. Өйткені ақшаның соңына түсіп, оған ешқашан толық жете алмайтыныңды түсіндім. Бүгінде бір-бірімізбен көбірек сөйлесуге, бір-бірімізді көбірек тыңдауға тырысамыз. Жұмысқа байланып қалмай, өзімізге, отбасымызға көбірек уақыт бөлуге, бірге болуға, өзімізге күтім жасауға күш саламыз. Кәсіп пен мансаптың ортасында жүріп, отбасының шаңырағын шайқалтпай, оны берік ұстау – біздің басты мақсатымыз. Стоматология біздің ең үлкен арманымыздың бірі болды. Осы арман жолында бірге ұзақ қардамдар жасадық. Қолымыздан келді. Бүгінде өміріміз сүйіспеншілікпен өтіп жатыр, жұмысымыз да, кәсібіміз де өз орнында, мен де, отбасым да бақыттымыз. Мұның ешқандай құпия сыры жоқ. Ең бастысы – біз бір-біріміздің жанымыздамыз, біргеміз. Қаншама қиындықтарды бастан өткердік, талай сынақтарға тап болдық. Бірақ ешқашан бір-бірімізді тастап кеткен жоқпыз. Қандай белестер болса да бірге бағындырыдық. Соның бәріне шүкіршілік етемін.

– **Сіздің ойыңызша, адал еңбек пен адал кәсіп адамның өмірінде қандай орын алады?**

– Адал еңбек ешқашан жерде қалмайды. Арам жолмен келген нәрсе ұзаққа бармайды. Адам ең алдымен өзін алдамауы керек. Өз еңбегімен тапқан нанның дәмі ерекше болады. Оның берекесі де болады. Сондықтан жастарға айтарым – қандай мамандық таңдасаңыздар да, оны сүйіп жасандыңдар. Еңбек етіңіздер. Адал болыңыздар. Себебі оңай келген нәрсе оңай кетеді. Ешкімнің ақысын жемей, артыққа қол сұқпай, адал еңбек ету керек. Сонда нәтиже міндетті түрде келеді.

– **Егер ақша мен атақ болмаса, бұл мамандықты қайта таңдар ма едіңіз?**

– Мүмкін, қайтадан осы мамандықты таңдар едім. Мүмкін, өнер жолына да кетер ме едім. Себебі мен өмірде өте позитивті адаммын, өнерге деген қызығушылығым әлі күнге дейін бар. Кейде сахнада жүргім келеді, көпшілік алдында сөйлегім келеді. Ол сезім әлі де менің ішімде бар. Бірақ бұл мамандықты қайта таңдасам да, оны атақ пен ақша үшін емес, жан қалауым үшін таңдар едім. Ал абырой мен беделге келсек, бұл салада оларды мақсат етіп жинай алмайсың. Абырой адал еңбекпен, таза жұмыспен келеді.

– **Өз өміріңізді бір сөйлеммен сипаттайтын болсаңыз, еңбек туралы қандай ой айтар едіңіз?**

– Әр адам өз мамандығын сүйіп істеуі керек. Сүйіспеншілікпен жасалған істің артында міндетті түрде адал еңбек тұрады. Ал адал еңбек адамның өзіне де, отбасына да, болашағына да береке алып келеді.

– **Әсерлі әңгіменізбен бөлісіп, уақыт болғеніңіз үшін көп рақмет! Алдағы уақытта еңбегіңізге табыс, отбасыңызға амандық, кәсібіңізге береке тілейміз!**

Шұғыла АЯТБЕК

Қай қоғамның да дамуы ең алдымен еңбекті қадірлей білген, ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қараған азаматтардың адал ісімен өлшенеді. Әсіресе ұстаздықты өмірлік мұрат етіп, жас буынды елдің келешегімен сабақтастыра тәрбиелеген тұлғалардың еңбегі қашанда құрметке лайық. Осындай ардақты жандардың қатарында саналы ғұмырын ағарту саласына арнап, білім мен тәрбие ісін ғана емес, туған ауылындағы қарапайым еңбек адамдарының бейнеті мен маңдай терін дәріптеуді де азаматтық ұстанымына айналдырған Созақ ауданының тумасы Садық Әбдірашұлы бар.

Ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарған ол мектеп басшылығында, білім бөлімінде, сондай-ақ ауылдық округ деңгейіндегі жауапты қызметтерде еңбек етіп, ел игілігі жолында аянбай тер төкті. Қай қызметте жүрсе де, ұрпақ тәрбиесін басты назардан тыс қалдырмай, білім беру ісінің өркендеуіне өзіндік үлес қосты. Сонымен қатар туған өлкенің тарихын зерттеп, ел ішінде өнегелі із қалдырған еңбек адамдарының өмір жолын кейінгі буынға танытуды маңызды міндет санады. Осы арқылы жас ұрпақтың бойына туған жерге сүйіспеншілік, елжандылық пен еңбекқорлық қасиеттерін сіңіруге күш салды.

Бүгінде ел ағасы жасына жеткен ардагер ұстаздың өмір жолы кейінгі буынға үлгі боларлық тағылымға толы. Осы орайда біз ұстаздық қызметпен қатар туған өлкенің тарихын зерттеп, еңбек адамдарын дәріптеуді азаматтық парызына айналдырған Садық Әбдірашұлымен сұхбаттасқан едік.

«ӘКЕМНІҢ ӨНЕГЕСІ МЕНІ АДАЛ ӨМІР ЖОЛЫНА БАҒЫТТАДЫ»

– Садық Әбдірашұлы, зейнет жасына шыққан соң, еңбек адамдарын дәріптеуді мақсат етіпсіз. Себебі неде, жалпы өмір жолыңызда кімдердің ақыл-кеңесі мен өнегесі ерекше орын алды?

– Адамның бүкіл өмір жолының негізі бала күнінде қаланады деп ойлаймын. Мен 1952 жылы Созақ өңірінің тарихи мекендерінің бірі – Бабата ауылында дүниеге келдім. Балалық шағым ауылдың қарапайым тіршілігімен, еңбекқор адамдардың ортасында өтті. Ол кезде қазіргі кездегідей мүмкіндік көп болған жоқ. Ауыл балалары ерте жастан еңбекке араласатын. Біз де ата-анамызға көмектесіп, еңбекпен есейдік.

Менің өмірдегі бағытымды табуыма ең алдымен әкем Әбдіраш Бабақұлов себепкер болды. Әкем 1925 жылы дүниеге келген. Ұзақ жылдар бойы Бабата ауылындағы кітапхананы басқарды. Ол кісі әдебиетке, тарихқа жақын, көкірегі ояу жан болатын. Жас кезінен аудандық және облыстық басылымдарда өлеңдері, мақалалары мен әңгімелері жарияланып тұрды. 1957-1984 жылдары ауыл кітапханасының меңгерушісі болып еңбек етті. Кейін «Республикаға еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» атағына ие болды.

Әкем кітаптың қадірін ерекше бағалайтын. Бізді де кітап оқуға баулады. Кешкілік әрқайсымыз оқыған кітаптарымыз туралы әңгімелесетінбіз. Әкем мазмұнын сұрап, пікірімізді тыңдайтын. Бүгінгі өмірімдегі көптеген жетістіктердің бастауында сол тәрбиенің жатқанын жақсы түсінемін.

Мен үшін өмірлік тәрбие берген тағы бір мектеп – ауылдың ақсақалдарының әңгімесі болды. Біз тарихты тек кітаптан емес, көнекөз қариялардың естеліктерінен де үйрендік. Олар ел басынан өткен қиын кезеңдерді, соғыс жылдарын, еңбек адамдарының тағдырын айтып отыратын. Осындай тәрбие туған жерге деген құрмет пен елге қызмет ету жауапкершілігін қалыптастырды.

– Еңбек адамына деген құрмет бала шақтан бойыңызға сіңген екен. Мұға-

**Садық ӘБДІРАШҰЛЫ,
ардагер ұстаз:**



«ЕҢБЕК АДАМЫН ҰЛЫҚТАУ – ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ»

лім болу өз таңдауыңыз ба, әлде үлкендердің нұсқауымен оқыдыңыз ба?

– Ұстаздық мамандықты таңдауыма өзіме үлгі болған мұғалімдер әсер етті. Соның ішінде Бибісара Еспаева апайдың орны ерекше. Ол кісі Бабата ауылындағы Мәншүк Мәметова атындағы орта мектепте математика пәнінен сабақ берді. Өз дәуірінде республика көлемінде ғана емес, бұрынғы Кеңес Одағы деңгейінде танылған тәжірибелі педагог еді.

1968-1971 жылдары жоғары сыныптарда оқып жүрген кезімізде Бибісара апайдан тек білім алып қана қоймай, еңбекқорлықты, жауапкершілікті, шәкіртке деген жанашырлықты үйрендік. Кейін ұстаздық жолды таңдауыма дәл осы апайдың ықпалы зор болды.

Мектепті аяқтаған соң 1971-1974 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ педагогикалық институтында білім алдым.

Бұдан соң 1985 жылдан 1989 жылға дейін Иманов атындағы орта мектептің директоры қызметін атқарып, кейін 1989-1991 жылдары Кемелұлы атындағы орта мектепте директор болып еңбек еттім. Сол мектепте басшылық қызметтен кейін де қол үзбей, 1991 жылдан 1997 жылға дейін ұстаздық жолымды жалғастырдым.

Кейін 1997 жылы қайтадан Мәншүк Мәметова атындағы орта мектепке оралып, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары ретінде қызметімді жалғастырдым. Ал 2006 жылы Кеңесбаев атындағы орта мектептің директоры болып тағайындалдым, одан кейін 2007-2009 жылдары Мәншүк Мәметова атындағы орта мектептің директоры қызметін атқардым. Мектептегі әрбір бала – елдің болашағы болғандықтан, қай қызметте жүрсем де, өзімді ең алдымен ұстаз ретінде сезіндім.

Өлкетану жұмыстары 2000 жылдардың басынан бастап жүйелі түрде қолға алынды. Алғашқы зерттеуіміз 2001-2003 жылдары «Бабата өңірінің тарихи-мәдени мұралары» тақырыбында жүргізілді. Бұл жұмыста ауыл маңындағы көне орындар зерттеліп, тарихи деректер мен ел аузындағы аңыз-әңгімелер жинақталды.

Кейін зерттеу жұмыстары бірнеше бағытқа жалғасты. 2003-2005 жылдары «Таңбалы тас – Бабата тарихының куәсі» тақырыбында жұмыс жүргізілді. 2004-2006 жылдары жер-су атауларының шығу тарихын зерттедік. Ал 2005-2008 жылдары «Созақ өңіріндегі киелі орындар» атты көлемді зерттеу жобасы жүзеге асырылды.

Бұл жұмыстар тек кабинетте отырып жасалған жоқ. Оқушылармен бірге тарихи орындарға арнайы барып, далалық зерттеулер жүргізілді. Әсіресе 2006-2007 жылдары таулы аймақтарға арнайы экспедициялар ұйымдастырылды. Сол сапарларда өзендердің бағыты, табиғат ерекшеліктері, тарихи орындар мен жартастардағы көне суреттер зерттелді.

Жартастардан кетпен ұстаған адам бейнелері, садақ атқан аңшылардың көріністері, ақбөкендерді қуып жүрген адамдардың суреттері табылды. Кейбір бейнелерден сол кезеңдегі тұрмыс-тіршілікті көруге болады. Мұның бәрі өңірміздің бай тарихи мұрасын дәлелдейтін құнды деректер болды. Осы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 2003-2008 жылдар аралығында шәкірттеріміз облыстық және республикалық ғылыми жобалар байқауларына қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Бірақ мен үшін ең үлкен нәтиже – балалардың туған жер тарихына деген қызығушылығының артуы болды.

– Мектептен мемлекеттік қызметке ауыстыңыз. Ауылда әкім болдыңыз. «Жылы» орынды, үйренген жұмысты ауыстыруға не себеп болды?

– Адам тұлға ретінде қалыптасу жолында түрлі мектептерден өтеді, тәжірибе жинақтайды және сол тәжірибесін бөлісуді жөн көретін, өзін сынап көргісі келетін, мектеп қана емес, ауылдың мәселесін шешуге қабілетті екенінді көрсеткің келетін кезеңдер болады. Еңбек жолымның келесі маңызды кезеңі – 2009-2015 жылдары Жартытөбе ауылдық округінің әкімі қызметімен жалғасқанын осының мысалы дер едім. Осы қызметке кіріскеннен кейін ауылдың әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуына белсене араласып, бірқатар маңызды бастамалардың жүзеге асуына тікелей ұйытқы болдым әрі ұйымдастырылуына ықпал еттім. Ең басты ұстанымым – халық пен билік арасын жақындатып, тұрғындардың ұсыныс-пікірін нақты нәтижеге айналдыру, яғни ел мен билік арасындағы сенімді көпір болу еді.

Осы кезеңде ауылда бірқатар маңызды әлеуметтік нысандар бой көтерді. Менің қолдауыммен және үйлестіруіммен Жартытөбе ауылдық Мәдениет үйі, Жастар алаңы және Тәуелсіздік тұғыры алаңы пайдалануға беріліп, тұрғындардың бас қосатын рухани әрі мәдени ортасына айналды. Жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасалып, түрлі мәдени-танымдық іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп отырды. Сондай-ақ ауылдың рухани өмірінде ерекше орын алатын Жартытөбе мешітінің салынуына да атсалыстым.



Институтты тәмамдап туған ауылыма оралған соң, еңбек жолымды Мәншүк Мәметова атындағы орта мектепте мұғалім ретінде бастадым. Осылай өмір жолым негізінен білім беру саласымен тығыз байланысты өрбіді. Жалпы қырық бес жылдан астам уақытты осы салаға арнадым. Алдымен 1974 жылы мұғалім болып еңбек жолымды бастадым, содан кейін 1975 жылдан 1982 жылға дейін Мәншүк Мәметова атындағы орта мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. Одан кейінгі кезеңде, яғни 1982-1985 жылдары аудандық білім бөлімінде мектеп инспекторы болып жұмыс істедім.

«ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ТУҒАН ЖЕР ТАРИХЫН ТАНЫСТЫРУ – ӨМІРЛІК МҰРАТЫМ»

– Сіз шәкірттеріңізді туған жер тарихын зерттеуге баулыдыңыз. Өлкетану бағытындағы зерттеу еңбектеріңіз қалай басталды және қандай жұмыстар атқарылды?

– Мен үшін өлкетану – жай ғана зерттеу емес, ол ұрпақ тәрбиесінің маңызды бағыты. Бала туған жерінің тарихын таныса, оның бойында елге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік қалыптасарды. Сондықтан ұстаздық қызметімде бұл бағытқа ерекше көңіл бөлдім.

Білім беру мен тәрбие саласына да айрықша көңіл бөлініп, Кемелұлы және Мәншүк Мәметова атындағы мектептердің аумақтарын абаттандыру, балаларға арналған спорт алаңдарын салу жұмыстарына мұрындық болдым. Бұл шаралар жас ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстануына жол ашты.

Ауыл инфрақұрылымын дамыту бағытында Жартытөбе, Аққолтық және Бабата елді мекендеріне ауыз су жүйесін тарту, көшелерді жарықтандыру сияқты жұмыстардың жүзеге асуына тікелей қатыстым. Сонымен қатар Бабата фельдшерлік-дәрігерлік пунктінің ашылуына қолдау көрсетіп, тұрғындарға алғашқы медициналық көмектің қолжетімді болуына жағдай жасалды.

Жалпы, атқарылған барлық істер ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға, тұрмыс сапасын жақсартуға және жергілікті билік пен тұрғындар арасындағы байланысты нығайтуға арналды.

– Қоғамдық өмірдегі белсенділігіңіз зейнет жасына жеткен соң басқа бағытта жалғасын тауыпты.

– Иә, 2015 жылы зейнеткерлікке шықтым. Жұмысты тоқтатқаныммен қоғамдық өмірден қол үзген жоқпын. Қазіргі уақытта Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің жұмысына белсенді қатысып келемін. Негізгі мақсатымыз – ауыл ішіндегі әлеуметтік жағдайды назарда ұстап, мұқтаж жандарға қолдау көрсету және ел ішіндегі бірлік пен ынтымақты сақтау.

Жалғызбасты қарттар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар әрдайым назарымызда. Оларға тұрмыстық, әлеуметтік және кей жағдайда медициналық көмек ұйымдастыруға атсалысамыз: біріне азық-түлік пен отын жеткізу, біріне емделуге жәрдемдесу, енді бірінің баспана мәселесін шешуге қолдау көрсету сияқты істерді ауыл болып жұмылып атқарамыз.

Сонымен бірге ардагерлер кеңесі арқылы ауыл мен аудан деңгейіндегі жиындарда көтерілген әлеуметтік мәселелерді тиісті орындарға жеткізіп, нақты шешілуіне ықпал жасаймыз. Менің түсінігімде зейнеткерлік – қоғамнан шеттеу емес, керісінше өмірлік тәжірибені ел игілігіне жұмсайтын жауапты кезең секілді көрінеді.

– Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде туған жерді танудың маңызы қандай? Сіздің ойыңызша, нағыз отаншыл азамат қандай болуы керек?

– Патриотизм ұғымын мен ең алдымен адамның туған жеріне деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін іс жүзінде көрсете білуі деп түсінемін. Мұндай қасиет адамның өз жерін терең танып-білуінен, оның тарихи тамырын ұғынуынан және табиғи болмысын құрметтей білуінен қалыптасады. Сондықтан бұл – тек сөзбен айтылатын ұғым емес, ол тәрбие мен тәжірибе арқылы біртіндеп орнығатын құндылық.

Осы бағытта біз оқушыларды тек сыныптағы біліммен шектемей, оларды туған өлкені көзбен көріп, қолмен сезінуге баулуға тырыстық. Мәселен, таяуда ауылдағы 6-7 сынып оқушыларын мұғалімдермен бірге ауыл маңындағы тау баурайына арнайы экскурсияға алып бардық. Сол сапарда жер бедерінің ерекшелігін, өзеннің табиғи бағытын, оның жергілікті тіршілікпен байланысын түсіндірдік.

Балаларға бұрынғы замандағы тұрмыс жағдайын да мысал етіп көрсеттік: техниканың жоқ кезінде барлық жұмыстың қол еңбегімен атқарылғанын, арықтардың қазылып, егістіктің қарапайым тәсілмен суғарылғанын айтып, еңбектің ауыр да қадірлі екенін ұғындырдық. Сонымен қатар өсімдіктер мен жануарлар дүниесін таныстырып, табиғат пен адамның өзара байланысын түсіндіруге мән бердік.

Таудағы көне жартас суреттерін көрсету арқылы өткен тарихтан сыр шертіп, ондағы еңбек пен тұрмыс көріністері арқылы ата-бабаның өмір салтын жеткі-



зуге тырыстық. Осындай нақты әсер арқылы балалардың туған жерге деген қызығушылығы артып, олардың санасында елге деген құрмет сезімі тереңдей түсті.

«ЕҢБЕК АДАМДАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ЖАСТАРДЫ ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕЙДІ»

– Бұдан бөлек, қазіргі таңда еңбек адамын дәріптей бастағаныңызды өзгеге үлгі тұтуға әбден болады екен. Көздегеніңіз не?

– Еңбек адамын ұлықтау – тәрбиенің маңызды бағыты. Қазіргі жастар кейде дайын нәтижені көреді де, сол нәтиженің артында қаншама адамның маңдай тері тұрғанын байқамай қалады. Мысалы, дастарқандағы бір үзім нанның өзінде үлкен еңбек жатыр. Жер жыртылады, дән себіледі, күтімі жасалады, өнім жиналады. Оның бәрі үлкен төзімділік пен қажырлы еңбекті талап етеді. Сондықтан біз жастарға шопандардың, диканшылардың, механизаторлардың еңбегі туралы жиі айтып, насихаттап отырамыз.

Біздің өңірде еңбек пен ерлікті қатар ұштастырған азаматтар аз болған жоқ. Солардың қатарында Ұлы Отан соғысының ардагері Ұсайын Мүкеев те ерекше орын алады. Ол кісі өмір бойы адал еңбек етіп, елге сіңірген еңбегімен халықтың құрметіне бөленген жан еді. Бүгінде ол кісі арамызда болмаса да, өнегелі өмір жолы ұмытылған жоқ. Мектептерде Ұсайын атаның соғыс жылдарындағы ерлігі мен бейбіт кезеңдегі қажырлы еңбегін насихаттауға арналған тәрбие сағаттары, танымдық кездесулер мен үлгілі сабақтар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Оқушыларға оның еңбек жолы, ел дамуына қосқан үлесі жан-жақты түсіндіріліп, өмірі өнеге ретінде таныстырылады.

Сонымен қатар білім беру ұйымдарында ол кісінің еңбек еткен кезеңдерінен сақталған суреттері мен деректік материалдар жинақталып, көрнекі құрал ретінде пайдаланылады. Осындай жұмыстар арқылы жас ұрпаққа еңбек адамының қадірі мен елге қызмет етудің шынайы үлгісі көрсетіледі. Біз сол арқылы балаларға қандай жетістік болса да оңай келмейтінін, әрбір табыстың артында төгілген тер мен табанды еңбек жатқанын түсіндіруге тырысамыз.

– Ел ішінде өнегесімен ерекшеленген қандай азаматтарды кейінгі ұрпаққа үлгі ету қажет деп ойлайсыз?

– Өзім де еңбек адамдарының өмір жолын жиі насихаттап жүремін. Қазір қоғамда қарапайым мінезімен, елге сіңір-

ген адал еңбегімен және азаматтық ұстанымымен ерекшеленетін адамдар аз емес. Осындай жандардың өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі болуға тиіс деп ойлаймын. Соның ішінде өзіммен қатарлас, ел ішінде сыйлы құрдас қариялардың бірі – Қабылбек Еспенбетов. Ол ұзақ жылдар бойы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, халықтың мұң-мұқтажын көтеріп келе жатқан азамат. Қай қызметте жүрсе де, қарапайымдылығын сақтап, ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерге бейжай қараған емес. Ардагерлер ұйымдарының жұмысын жандандыруға, ауылдағы бірлік пен ынтымақты нығайтуға, үлкен мен кіші арасындағы байланысты күшейтуге



тұрақты түрде атсалысып келеді. Әсіресе жалғызбасты қарттар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, тұрмысы төмен отбасылар сияқты әлеуметтік қолдауды қажет ететін жандардың жағдайына ерекше көңіл бөледі. Біріне тұрмыстық көмек ұйымдастыру, біріне емделуге жәрдемдесу, енді бірінің күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажетті мәселелерін шешу сияқты нақты істерге ұйытқы болып жүр. Сонымен қатар жергілікті деңгейде кәсіпкерлермен, мекеме басшыларымен байланыс орнатып, әлеуметтік қолдау шараларының жүзеге асуына да себепкер болуда.

Осындай азаматтардың еңбегі көзге бірден көріне бермесе де, ауыл өміріндегі бірлік пен тіршіліктің тұрақтылығына үлкен әсер етеді. Сондықтан жастарға дәл осындай қарапайым, бірақ елге шынайы пайдасын тигізіп жүрген құрдас қариялардың өмір жолын үлгі ретінде көбірек көрсету қажет деп ойлаймын.

– Өмір бойы атқарған ұстаздық және қоғамдық қызметіңіздің нәтижесінде берілген марапаттар мен атақтар сіздің өміріңізде қандай орын алады?

– Мен марапатты өз еңбегімнің соңғы межесі немесе өмірімде ерекше орын алатын басты өлшем деп санамаймын. Керісінше, ол – атқарылған істің халық пен қоғам тарапынан таразыланған бір көрінісі. Адам еңбегінің шынайы бағасы алдымен елдің сенімі мен шәкірттің алғысы арқылы білінеді деп ойлаймын.

Көп жылдық еңбектің нәтижесінде білім беру саласындағы қызметім ескеріліп, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Құрмет грамотасы берілді. Сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісі табысталды. Ұстаздықпен қатар қоғамдық өмірге де араласқан еңбегім үшін «Ұлағат», «Ерен еңбегі үшін» және «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» сияқты марапаттармен де бағаландым. Бұл марапаттар мен үшін тек атақ емес, алдағы уақытта да елге қызмет етуді, жас ұрпақ тәрбиесіне адал қарауды міндеттейтін аманат сияқты. Қай салада еңбек етсем де, басты мақсатым – туған жерге пайдамды тигізу, шәкірт тәрбиелеу және қоғамға қажет іс атқару болды.

Сан жылдық қызметтің жемісі ретінде берілген «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағын жеке басымның жетістігі емес, мені тәрбиелеген орта мен бірге қызмет атқарған әріптестерімнің, шәкірттерімнің ортақ үлесіне көрсетілген құрмет деп бағалаймын.

– Соныңыздан ерген шәкірттеріңіз бен кейінгі ұрпақ сізді қандай қырыңызбен есте сақтағанын қалар едіңіз?

– Мені қандай қызмет атқарғаныммен емес, адамдарға шынайы пайдам тиген азамат ретінде еске алса екен деймін. Өмір бойы ұстанған бағытым – туған жердің тарихын қастерлеу, еңбектің қадірін түсіндіру және жас ұрпаққа дұрыс

бағыт-бағдар беру болды. Осы мақсатта шәкірт-термен бірге өлкетану жұмыстарын жүргізіп, ауылдың тарихи орындарын танытуға, ел ішіндегі құнды деректерді жинауға мән бердік.

Сонымен қатар әрқашан тәрбиенің өзегі білімде екенін айтып келемін. Кітап оқу – адамның ой-өрісін кеңейтетін, дүниетанымын тереңдететін ең маңызды құрал. Сондықтан кейінгі ұрпақ кітаппен дос болып өссе, білімге құштарлығы жоғалмаса деймін. Егер жастар туған жерін сүйіп, оның тарихын танып, адал еңбек етуді өмірлік қағида етсе, үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсетсе – менің өмір бойғы еңбегімнің ең үлкен нәтижесі сол болар еді деп есептеймін.

– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңіз үшін көп рахмет!

Сұхбаттасқан:
Әлия ӘУЕСБЕКОВА

28 маусым – БАҚ қызметкерлері күні

Бүгінгі әңгіме қазақ журналистикасының дамуына елеулі үлес қосып жүрген белгілі журналист, профессор, ұстаз және сазгер Бекжігіт Сердәлі туралы. Саналы ғұмырын журналистика мен білім беру саласына арнап жүрген оның есімі бүгінде кәсіби журналист, білікті маман және қоғам қайраткері ретінде кеңінен танылған. Журналист ретінде қаламынан туындаған сүбелі еңбектері мен мақалалары қашанда оқырман назарында. Ол қоғамдық өмірдегі өзекті мәселелерді қозғап, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен журналистиканың кәсіби деңгейін арттыру жолында аянбай еңбек етіп келеді.

**ЖУРНАЛИСТІҢ
БАСТЫ МІНДЕТІ –
ШЫНДЫҚҚА
АДАЛ БОЛУ**

Бекжігіт Кенжебекұлының шығармашылығы тек журналистикамен шектелмейді. Ол – халыққа кеңінен танымал бірнеше әннің авторы. «Жас жұбайлар», «Неге, неге?», «Түркістаным – тұраным», «Ауыл жатыр той жасап» секілді әндері ел арасында сүйіспеншілікке ие болып, халық жадында сақталған туындыларға айналды. Сонымен қатар ол «Ұлт журналистикасының ұлықпаны», «Жорналшы жазбалары», «О, махаббат!», «Танымал әндердің тарихы» және басқа да еңбектердің авторы ретінде қазақ руханиятына өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

Жүзден астам ғылыми мақала жазып, көптеген оқу құралдарын жарыққа шығарған Бекжігіт Сердәлі – журналистиканың теориясы мен тәжірибесін ұштастыра білген маман. Оның кәсіби ұстанымының негізінде адалдық, шынайылық және қоғам алдындағы жауапкершілік қағидаттары жатыр. Сондықтан оның журналистика туралы ой-пікірі мен көзқарасы жас мамандар үшін де, жалпы оқырман қауым үшін де құнды. Біз журналист әрі ұстаз Бекжігіт Сердәлімен қазіргі журналистиканың қоғамдағы рөлі мен оның басты құндылықтары жайында аз-кем әңгімелескен едік.

– Аға, бүгінгі ақпарат заманында журналистің қоғамдағы рөлін қалай бағалайсыз?

– Бүгінгі ақпараттық қоғамда журналистің рөлі бұрынғыдан да маңызды бола түсті. Қазіргі кезде ақпарат өте жылдам таралады, алайда оның бәрі бірдей шынайы әрі тексерілген бола бермейді. Осындай жағдайда журналист қоғам үшін сенімді ақпараттың сүзгісі әрі бағыт-бағдар берушісі қызметін атқарады. Журналист – тек жаңалық жеткізуші ғана емес, қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал ететін, билік пен халықтың арасындағы байланысты нығайтатын маңызды тұлға. Ол қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, азаматтардың мұң-мұқтажын билікке жеткізеді, әлеуметтік әділдіктің сақталуына ықпал етеді. Сонымен қатар журналист халықтың құқықтық, саяси және мәдени сауатының артуына үлес қосып, қоғамдық сананың жаңғыруына қызмет етеді. Сондықтан ақпарат ғасырында журналистің жауапкершілігі де, миссиясы да айрықша мәнге ие.

– Қазіргі журналистикадағы ең маңызды құндылық не деп санайсыз?

– Менің ойымша, ең басты құндылық – шындық пен сенім. Қандай заман болса да, журналистиканың негізгі міндеті – нақты, объективті және жан-жақты ақпарат ұсыну. Ақпараттық кеңістікте жалған мәліметтер, манипуляциялар мен түрлі көзқарастар көбейген кезде оқырман мен көрермен ең алдымен сенімді ақпарат көзіне жүгінеді. Сол себепті журналист кәсіби этиканы сақтап, әрбір деректі бірнеше мәрте тексеріп, жеке көзқарасын фактімен



шатастырмауы тиіс. Сонымен бірге әділдік, тәуелсіздік, жауапкершілік және адам құқығын құрметтеу де журналистиканың маңызды қағидаттары болып табылады. Қоғамның журналистикаға деген сенімі сақталған жағдайда ғана бұқаралық ақпарат құралдары өз міндетін толық атқара алады деп ойлаймын.

– Әлеуметтік желілер дәуірінде кәсіби журналистиканың маңызы өзгерді ме?

– Әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы ақпарат тарату тәсілдерін түбегейлі өзгертті. Бүгінде кез келген адам оқиға орнынан тікелей эфирге шығып, ақпарат жариялай алады. Бұл ақпарат алмасудың жылдамдығын арттырғанымен, жалған немесе толық тексерілмеген мәліметтердің таралуына да себеп болып отыр. Сондықтан кәсіби журналистиканың маңызы кеміген жоқ, керісінше арта түсті деп есептеймін. Кәсіби журналистің артықшылығы – ақпаратты жинау, тексеру, саралау және оны қоғамға түсінікті әрі жауапкершілікпен ұсынуында. Журналист оқиғаның мән-жайын терең зерттеп, себеп-салдарын түсіндіреді, түрлі тараптардың пікірін ескереді. Әлеуметтік желілер жылдамдықты қамтамасыз етсе, кәсіби журналистика дәлдік пен сенімділікті қамтамасыз етеді. Сондықтан қазіргі медиакөрсеткіште бұл екі бағыт бір-бірін толықтырғанымен, сапалы ақпараттың негізгі кепілі кәсіби журналистика болып қала береді.

– Жас журналистерге қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?

– Ең алдымен мамандықты шын жүректен сүюге кеңес берер едім. Журналистика – үлкен жауапкершілікті, ізденісті және табандылықты талап ететін сала. Сондықтан жас мамандар көп оқып, өз білімін үздіксіз жетілдіріп отыруы қажет. Классикалық әдебиетті, тарихты, саясатты, экономиканы жақсы білу журналистің дүниетанымын кеңейтеді. Сондай-ақ ақпаратпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастырып, әрбір деректі мұқият тексеруді әдетке айналдырған жөн.

Танымал болуға емес, кәсіби тұрғыдан өсуге ұмтылған дұрыс. Аға буының тәжірибесінен үйреніп, жаңа технологияларды меңгеріп, бірнеше мультимедиялық құралмен жұмыс істей білу де қазіргі журналист үшін маңызды. Ең бастысы – қандай жағдайда да ар-ожданға адал болып, қоғам мүддесіне қызмет етуді өмірлік ұстаным ретінде қабылдау қажет.

– Пікір білдіріп, ой алмасқаныңыз үшін көп рахмет!

Инжу ЖҰМАБЕК

23 маусым – Полиция күні

Елімізде қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп жүрген тәртіп сақшыларының кәсіби мерекесі 23 маусым болып белгіленген. Бұл күн полиция қызметкерлерінің ел тыныштығын сақтау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бағытындағы қажырлы еңбегіне құрмет көрсететін маңызды мереке болып саналады. Аталмыш игі дәстүр аясында елімізде полиция қызметкерлерінің жетістіктері насихатталып, олардың кәсіби біліктілігін арттыруға, қызметтік ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған түрлі іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

**ПОЛИЦЕЙЛЕР СПОРТТЫҚ ДОДАДА
БАҚ СЫНАДЫ**

Осы атаулы күн қарсаңында Түркістан облысы Полиция департаментінің ұйымдастыруымен қызметкерлер арасында шағын футболдан жарыс өтті. Спорттық шараға департамент аппараты мен аумақтық полиция бөлімдерінің қызметкерлері, сондай-ақ ардагерлер командасы қатысып, жасыл алаңда өзара бақ сынасты.

Жарыстың негізгі мақсаты – жеке құрам арасында бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, қызметкерлердің дене даярлығын жетілдіру және ұжымдық бірлікті нығайтуға бағытталды. Сонымен қатар мұндай спорттық шаралар қызметкерлердің бос уақытын тиімді ұйымдастырып, әріптестер арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді.

Сайыстың ашылу салтанатында Түркістан облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Ғалымжан Куашбаев сөз сөйлеп, қатысушыларды кәсіби мерекемен құттықтады. Ол өз сөзінде спорттың полиция қызметкерлері үшін маңыздылығына тоқталып, мұндай жарыстардың қызметтік міндеттерді сапалы атқаруға қажетті қасиеттерді дамытудағы рөлін атап өтті.

– Полиция қызметкерлері үшін жоғары дене дайындығы, төзімділік, тәртіп пен жауапкершілік – күнделікті қызметтің ажырамас бөлігі. Сондықтан мұндай спорттық жарыстар ұжымдық ұйымшылдықты арттырып, кәсіби шеберлікті шыңдауға өз үлесін қосады. Барша қатысушыларға жоғары нәтиже және жеңіске деген жігер тілеймін, – деді ол.

Жарыс барысында командалар жоғары дайындық деңгейін байқатып, тартысты әрі қызықты ойын шеберлігін көрсетті. Қатысушылар жеңіске



деген ұмтылысын, ұйымшылдығын аңғартты. Көрермендер мен жанкүйерлер де командаларға қолдау білдіріп, жарыстың жоғары деңгейде өтуіне өз үлестерін қосты.

Тартысты бәсеке қорытындысы бойынша І орынды Кентау қалалық полиция бөлімі иеленсе, ІІ орынға Түркістан облысы Полиция департаментінің аппараты тұрақтады. Ал ІІІ орын Ардагерлер командасына бұйырды. Жеміппаздар мен жүлдегерлер Түркістан облысы Полиция департаменті басшылығының атынан грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Айта кету керек, полиция қызметкерлері үшін спорт тек жарыс алаңындағы жетістік ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызметтің маңызды құрамдас бөлігі ретінде саналады. Себебі құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жоғары физикалық дайындығы олардың күнделікті қызметтік міндеттерін сапалы орындауына, төтенше жағдайларда жедел әрі тиімді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Осылайша, шағын футбол жарысы полиция қызметкерлері арасындағы бірлікті арттырып, ұжымдық рухты күшейткен әрі салауатты өмір салтын дәріптеген мазмұнды шара болды.

**ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТІ
ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА**

Медицина қызметкерлері күні Қазақстанда жыл сайын маусым айының үшінші жексенбісінде атап өтеледі. Аталған мереке аясында ел өңірлерінде, соның ішінде Түркістан облысында да медицина саласының жетістіктері мен үздік мамандары ерекше сый-құрметке бөленеді. Осы тұрғыда Түркістан облысы республика бойынша алдыңғы қатарлы өңірлердің бірі ретінде танылып келеді.



Атап айтқанда, ақ халаттылардың төл мерекесіне орай, Түркістан облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы «2026 жылдың үздік облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» номинациясының жеңімпазы атанып, жоғары кәсіби деңгейін дәлелдеді. Бұл марапат – өңір тұрғындарының өмірі мен денсаулығын қорғау жолында тәулік бойы қызмет атқарып жүрген жедел жәрдем қызметкерлерінің еңбегіне берілген әділ баға.

Бүгінде Түркістан облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы 2 миллион 148 000-нан астам тұрғынға қызмет көрсетеді. Облыс аумағында 167 жедел жәрдем бригадасы жұмыс істейді, оның ішінде, 35-і дәрігерлік, ал 132-сі фельдшерлік бригада ретінде халыққа шұғыл медициналық көмек көрсетуде. Қызмет көрсету радиусы 250 шақырымды қамтып, шалғай елді мекендерге дейін жедел көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етіп отыр.

Мекеме құрамында 6 бекет

пен 17 бөлімше жұмыс істейді. Сонымен қатар, шақыртуларға дер кезінде жетуді қамтамасыз ету және медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында облыс аумағында қосымша 48 тәулік пост ұйымдастырылған. Материалдық-техникалық базаны нығайту бағытында 2025 жылы автопарк 2 неонаталдық реанимобильмен және 60 Hyundai Staria санитарлық автокөлігімен толықтырылды. Барлық санитарлық көліктер GPS навигациясымен, рациямен және бейнежондармен жабдықталған. Жедел медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында мекеменің ақылы қызметтен түскен қаражаты есебінен 2025 жылы 4 жаңа бекет пайдалануға берілді. Қазіргі таңда бесінші жаңа бекеттің құрылысы жалғасуда.

Соңғы жылдары негізгі көрсеткіштер бойынша айтарлықтай оң нәтижелерге қол жеткізілді. Атап айтқанда, сәтті реанимация көрсеткіші 2025 жыл-

дың алғашқы 5 айындағы 59%-дан 2026 жылдың осы кезеңінде 90%-ға дейін өсті. Бұл жүрек қызметін қалпына келтіру және шұғыл реанимациялық көмектің тиімділігін едәуір артқанын көрсетеді. Сондай-ақ жедел жәрдем бригадаларының шақыртуға уақытылы жету көрсеткіші 95%-дан 98%-ға дейін жақсарды. Заманауи медициналық жабдықтармен қамтылған 2 неонаталдық реанимобильдің көмегімен 234 жаңа туған нәресте мамандандырылған медициналық ұйымдарға қауіпсіз жеткізіліп, дер кезінде білікті медициналық көмек алуына мүмкіндік жасалды.

Қол жеткізілген нәтижелер – Түркістан облысы медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі мен ұйымшылдығының, сондай-ақ жедел медициналық көмек көрсету жүйесін үздіксіз жетілдіру бағытындағы жүйелі жұмыстың нақты жемісі.

Дайындаған:
Ө.ТАСТАНБЕКҚЫЗЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ МУЗЕЙДІҢ ДАМУЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕ АЛА МА?

Кез келген музейдің басты миссиясы – өткен мен бүгінді жалғау, тарихи жадыны сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізу. Бірақ уақыт өзгерген сайын сол миссияны жеткізудің жолдары да жаңаруы тиіс. Бұрын музей тыныштық пен баяулықтың, терең ой мен сабырлы танымның кеңістігі болса, бүгін ол цифрлық дәуірдің жаңа талаптарымен бетпе-бет келіп отыр.

Қазіргі таңда адамдар ақпаратты кітаптан емес, экраннан іздейді. Әсіресе, жастар үшін алғашқы әсер әлеуметтік желі арқылы қалыптасады. Егер музей бұл кеңістікте көрінбесе, ол аудитория үшін «жоқ» дегенмен тең. Сондықтан Instagram, TikTok, YouTube секілді платформалар музейлер үшін тек жарнама алаңы емес, аудиториямен тікелей байланыс орнататын жаңа мүмкіндікке айналды. Мысалы, қысқа видеолар арқылы экспонаттың тарихын ықшам әрі қызықты форматта жеткізу – бүгінгі күннің тиімді тәсілі. Бір минуттық ролик кейде ұзақ экскурсиядан да әсерлі болуы мүмкін. Әсіресе «Экспонаттың құпиясы», «Бұрын білмеген дерек», «Тарихтың қызық сәті» сияқты айдарлар көрерменнің қызығушылығын оятады. Бұл – музейдің дәстүрлі форматтан шығып, жаңа тілде сөйлей бастағанының белгісі.

Алайда бұл жерде де тепе-теңдік маңызды. Әлеуметтік желінің басты талабы – жылдамдық пен жеңілдік. Ал музейдің табиғаты – тереңдік пен дәлдік. Егер музей тек қаралым қуып, мазмұнды жеңілдетіп жіберсе, өзінің ғылыми және мәдени миссиясынан алыстап кетуі мүмкін. Тарихты «трендке» айналдыру оңай, бірақ оны бұрмалаусыз жеткізу – үлкен жауапкершілік.

Тағы бір маңызды мәселе – шынайылық. Әлеуметтік желіде бәрі әдемі көрінуі мүмкін, бірақ музейдің құндылығы – оның түпнұсқалығында. Экспонат – жай зат емес, ол – уақыттың куәсі. Егер оны тек визуалды эффект үшін пайдаланса, оның мәні жоғалады. Сондықтан музей қызметкерлері үшін ең басты міндет – цифрлық форматта да шынайылықты сақтау.

Сонымен қатар, әлеуметтік желі музей қызметін жандандырудың қуатты құралына айналып отыр. Онлайн экскурсиялар, тікелей эфирлер, виртуалды көрмелер – мұның бәрі аудиторияны кеңейтеді. Бұрын музейге келе алмайтын адамдар енді экран арқылы таныса алады. Бұл – қолжетімділіктің артуы, яғни мәдениеттің демократиялануы. Бірақ мұнда алаңдайтын бір жайт бар: музеймен виртуалды танысу адамдардың шынайы келіп, тамашалауының орнын басып кетпей ме? Экраннан көрген адам музейге келуге қызыға ма, әлде сонымен шектеліп қала ма? Бұл – әлі де ашық сұрақ. Сондықтан әлеуметтік желінің мақсаты – музейді алмастыру емес, оған жетелеу болуы тиіс.

Әлеуметтік желі музей үшін қауіп емес, мүмкіндік. Бірақ ол мүмкіндікті қалай пайдаланатынымыз – басты мәселе. Егер музей цифрлық кеңістікті тек жарнама емес, мазмұнды, сапалы коммуникация құралы ретінде қолданса, онда ол өз аудиториясын жоғалтпайды, керісінше кеңейтеді. Мұндай цифрлық орта тарихи мұраны жаңа қырынан танытуға кеңірек жол ашады.

Д.КЕРІМБЕКОВА
«Ұлы Дала Елі» орталығының бөлім меңгерушісі

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ӘЛЕМДІ АЛАҢДАТЫП ОТЫР

Табиғатты қорғау және биологиялық әртүрлілікті сақтау – қазіргі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі. Осы бағытта ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ролі зор. Солардың қатарында Түркістан облысында орналасқан «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ерекше орын алады. Мемлекеттік мекеме табиғи кешендерді, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтауға, қалпына келтіруге және тиімді пайдалануға бағытталған.

Экология – адамзаттың өмір сүру ортасы болып табылатын табиғат пен қоршаған ортаның өзара байланысын зерттейтін ғылым. Қазіргі таңда экологиялық мәселелер бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Ауаның ластануы, су ресурстарының азаюы, ормандардың қысқаруы және климаттың өзгеруі адам өміріне тікелей әсер етуде.

«Сырдария – Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өңірдің табиғи байлығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Оның экожүйелерін қорғау – табиғи ресурстарды келешек ұрпаққа аман жеткізудің және өңірдің экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етудің басты кепілі. Табиғатты сақтау үшін ағаш отырғызу, қоқысты сұрыптау, су мен электр энергиясын үнем-

деу сияқты қарапайым әрекеттердің өзі экологияны жақсартуға үлкен септігін тигізеді. Сонымен қатар, өндіріс орындары экологиялық талаптарды сақтап, зиянды қалдықтардың көлемін азайтуы қажет.

Қазақстанда да экологиялық жағдайды жақсарту бағытында орман қорын молайту, тиімді пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды кеңейту және табиғатты қорғау акцияларын ұйымдастыру секілді түрлі жұмыстар атқарылууда. Соның ішінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясын айтуға болады. Әсіресе, қазіргі таңда жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру маңызды болып тұр.

Табиғатты қорғау – ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Таза қоршаған орта – халық денсаулығының, елдің тұрақты дамуының және жарқын болашағының кепілі. Осы тұста табиғат жанаушылары мен табиғат қорғаушылардың, экологтар мен орман шаруашылығы саласының қызметкерлерінің еңбегін естен шығармауымыз қажет.

Абдісалам ТОЙЛЫБАЙ
«Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің эколог маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, 189 орам, 943 ғимарат мекенжайында орналасқан ЖК Қаныбекова А.О.-ның автожанармай құю станциясына арналған станциясына (АГҚС) арналған «Қоршаған ортаны қорғау» (КОК) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдауларды жария талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар 03.07.2026 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады, ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: ЖК«Қаныбекова А.О.», мекенжайы: Астана қаласы, Қасым Аманжолов көшесі, 3-ғимарат, 3, тел.: +7 778 589 0069

Жобалаушы: «KazEcoHolding» ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Мәңгіелдин көшесі, 37-үй, 38-пәтер., e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық ортаны дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermebaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қойкелді батыр көшесі, 26/12 мекенжайында орналасқан ЖК Қаныбекова А.О.-ның автожанармай құю станциясына арналған станциясына (АГҚС) арналған «Қоршаған ортаны қорғау» (КОК) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдауларды жария талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар 03.07.2026 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады, ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: ЖК«Қаныбекова А.О.», мекенжайы: Астана қаласы, Қасым Аманжолов көшесі, 3-ғимарат, 3, тел.: +7 778 589 0069

Жобалаушы: «KazEcoHolding» ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Мәңгіелдин көшесі, 37-үй, 38-пәтер., e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық ортаны дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermebaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Тамерлан тас жолы, 559 мекенжайында орналасқан ЖК Қаныбекова А.О.-ның автожанармай құю станциясына арналған станциясына (АГҚС) арналған «Қоршаған ортаны қорғау» (КОК) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдауларды жария талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар 03.07.2026 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады, ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: ЖК«Қаныбекова А.О.», мекенжайы: Астана қаласы, Қасым Аманжолов көшесі, 3-ғимарат, 3, тел.: +7 778 589 0069

Жобалаушы: «KazEcoHolding» ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Мәңгіелдин көшесі, 37-үй, 38-пәтер., e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық ортаны дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermebaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«QazDome Systems» ЖШС «Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Жүмеке Нәжімеденов көшесі, 5/3 учаскесінде орналасқан, кіріктірілген үй-жайлары, паркінгі және трансформаторлық қосалқы станциясы бар көппәтерлі тұрғын үй кешені» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. «QazDome Systems» ЖШС-нің мекенжайы: Астана қ., Нұра ауд., Тұран даңғ., 46/1 ғим., тел.: +7(707)8210998, БСН 250640027866, e-mail: dep_gor@mail.ru. Жобалық құжаттама пакетімен танысу және барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде 7 шілде мен 13 шілде (қоса алғанда) аралығында мүмкін болады. Қосымша ақпаратты: +7(702)2309090 телефоны бойынша алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Қаныбекова А.О.» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «ООС» для АГЗС ИП «Қаныбекова А.О.» расположенной по адресу: г.Шымкент, Каратауский район, квартал 189, здание 943.

Проектная документация доступна на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с 03.07.2026 г. в течение 5-ти рабочих дней, ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик ИП «Қаныбекова А.О.», адрес: г. Астана, ул. Касыма Аманжолова, д. 3, тел.: +7778 589 0069..

Разработчик: ТОО «Центр научных исследований и экологической экспертизы «KazEcoHolding»», адрес: г. Шымкент, район Абайский, ул. Мангельдина, дом 37, квартира 38, e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ: «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermebaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Қаныбекова А.О.» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «ООС» для АГЗС ИП «Қаныбекова А.О.» расположенной по адресу: г.Шымкент, Енбекшинский район, ул. Койкелди батыра, 26/12.

Проектная документация доступна на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с 03.07.2026 г. в течение 5-ти рабочих дней, ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик ИП «Қаныбекова А.О.», адрес: г. Астана, ул. Касыма Аманжолова, д. 3, тел.: +7 778 589 0069..

Разработчик: ТОО «Центр научных исследований и экологической экспертизы «KazEcoHolding»», адрес: г. Шымкент, район Абайский, ул. Мангельдина, дом 37, квартира 38, e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ: «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermebaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Қаныбекова А.О.» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «ООС» для АГЗС ИП «Қаныбекова А.О.» расположенной по адресу: г. Шымкент, Тамерлановское шоссе, 559.

Проектная документация доступна на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с 03.07.2026 г. в течение 5-ти рабочих дней, ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик ИП «Қаныбекова А.О.», адрес: г. Астана, ул. Касыма Аманжолова, д. 3, тел.: +7 778 589 0069..

Разработчик: ТОО «Центр научных исследований и экологической экспертизы «KazEcoHolding»», адрес: г. Шымкент, район Абайский, ул. Мангельдина, дом 37, квартира 38, e-mail: ecocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ: «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermebaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «QazDome Systems» сообщает о том что, состоятся общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями, паркингом и трансформаторной подстанцией, расположенный по адресу: город Астана, р-н Сарайшық, улица Жүмеке Нәжімеденов, уч. 5/3». Адрес ТОО «QazDome Systems»: г. Астана, рн. Нұра, пр. Тұран, зд. 46/1, тел.: +7(707)8210998, БИН 250640027866, e-mail: dep_gor@mail.ru. С пакетом проектной документации можно ознакомиться, а также оставить замечания и/или предложения будет возможно в срок с 7 июля по 13 июля (включительно) на информационной системе ndbecology.gov.kz. Дополнительную информацию можно получить по телефону: +7(702)2309090.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Алтынтобе елді мекені, 293 орам, 17 мекенжайында орналасқан ИП Ибрашова О.-ға арналған арналған «Қоршаған ортаны қорғау» (ҚОҚ) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдауларды жария талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар 03.07.2026 ж. бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады, ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: ЖК «Ибрашова», мекенжайы: г. Шымкент қаласы, Абай ауданы, Алтынтобе тұрғын алабы, 031 орам, 508 учаске. тел.: +7 775 760 8307.

Жобалаушы: ЖК «НЭК», мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Пашанов көшесі, 32/28 үй..., e-mail: ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық органы дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Для ИП Ибрашовой Опроводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу (ООС) для для ИП Ибрашовой О., расположенной по адресу: г. Шымкент, Абайский район, н/п Алтынтобе, 293 квартал, 17.

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с 03.07.2026 г. в течение 5-ти рабочих дней, ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик ИП «Ибрашова», адрес: г.Шымкент, Абайский район, ж/м Алтын тобе, кв.031, уч.508, тел.: +7 775 760 8307..

Разработчик: ИП «НЭК», адрес: г.Шымкент, район Абайский, ул. Пашанов, дом №32/28, e-mail: ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ: «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Абай даңғылы, 42 мекенжайында орналасқан «Евро Ойл» ЖШС-нің №6 автожанармай құю станциясына арналған станциясына (АГҚС) арналған «Қоршаған ортаны қорғау» (ҚОҚ) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдауларды жария талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар 03.07.2026 ж. бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады, ecosentre2018@mail.ru, тел. +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: ЖШС «Евро Ойл», мекенжайы: Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Желтоқсан көшесі, 20Б құрылыс мекенжайы., тел.: +7 702 353 2445.

Жобалаушы: «KazEcoHolding» ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Мәңгіелдин көшесі, 37-үй, 38-пәтер., e-mail: ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық органы дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Евро Ойл» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу (ООС) для автогазозаправочной станции (АГЗС) №6 ТОО «Евро Ойл», расположенной по адресу: г. Шымкент, проспект Абая, 42.

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с 03.07.2026 г. в течение 5-ти рабочих дней, ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик ТОО «Евро Ойл», адрес: г. Шымкент, район Туран, ул. Желтоқсан, строение 20Б, тел.: +7 702 353 2445.

Разработчик: ТОО «Центр научных исследований и экологической экспертизы «KazEcoHolding»», адрес: г. Шымкент, район Абайский, ул. Мангельдина, дом 37, квартира 38, e-mail: ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ: «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Рысқұлов көшесі, 142/4 мекенжайында орналасқан «Евро Ойл» ЖШС-нің №4 автожанармай құю станциясына арналған станциясына (АГҚС) арналған «Қоршаған ортаны қорғау» (ҚОҚ) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдауларды жария талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар 03.07.2026 ж. бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады, ecosentre2018@mail.ru, тел. +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: ЖШС «Евро Ойл», мекенжайы: Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Желтоқсан көшесі, 20Б құрылыс мекенжайы., тел.: +7 702 353 2445.

Жобалаушы: «KazEcoHolding» ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Мәңгіелдин көшесі, 37-үй, 38-пәтер., e-mail: ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық органы дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Евро Ойл» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу (ООС) для автогазозаправочной станции (АГЗС) №4 ТОО «Евро Ойл», расположенной по адресу: г. Шымкент, район Туран, ул. Рыскулова, 142/4.

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с 03.07.2026 г. в течение 5-ти рабочих дней, ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик ТОО «Евро Ойл», адрес: г. Шымкент, район Туран, ул. Желтоқсан, строение 20Б, тел.: +7 702 353 2445.

Разработчик: ТОО «Центр научных исследований и экологической экспертизы «KazEcoHolding»», адрес: г. Шымкент, район Абайский, ул. Мангельдина, дом 37, квартира 38, e-mail: ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ: «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Рысқұлов көшесі, 506 мекенжайында орналасқан «Евро Ойл» ЖШС-нің №5 автожанармай құю станциясына арналған станциясына (АГҚС) арналған «Қоршаған ортаны қорғау» (ҚОҚ) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдауларды жария талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар 03.07.2026 ж. бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады, ecosentre2018@mail.ru, тел. +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: ЖШС «Евро Ойл», мекенжайы: Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Желтоқсан көшесі, 20Б құрылыс мекенжайы., тел.: +7 702 353 2445.

Жобалаушы: «KazEcoHolding» ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Мәңгіелдин көшесі, 37-үй, 38-пәтер., e-mail: ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық органы дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Евро Ойл» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу (ООС) для автогазозаправочной станции (АГЗС) №5 ТОО «Евро Ойл», расположенной по адресу: г. Шымкент, район Туран, ул. Рыскулова, 506.

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с 03.07.2026 г. в течение 5-ти рабочих дней, ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик ТОО «Евро Ойл», адрес: г. Шымкент, район Туран, ул. Желтоқсан, строение 20Б, тел.: +7 702 353 2445.

Разработчик: ТОО «Центр научных исследований и экологической экспертизы «KazEcoHolding»», адрес: г. Шымкент, район Абайский, ул. Мангельдина, дом 37, квартира 38, e-mail: ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ: «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Қазыбек би көшесі, 206/1 мекенжайында орналасқан ЖК Каныбекова А.О.-ның автожанармай құю станциясына арналған станциясына (АГҚС) арналған «Қоршаған ортаны қорғау» (ҚОҚ) бөлімі бойынша қоғамдық тыңдауларды жария талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар 03.07.2026 ж. бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады, ecosentre2018@mail.ru, тел. +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: ЖК «Каныбекова А.О.», мекенжайы: Астана қаласы, Қасым Аманжолов көшесі, 3-ғимарат., 3, тел.: +7 778 589 0069

Жобалаушы: «KazEcoHolding» ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Мәңгіелдин көшесі, 37-үй, 38-пәтер., e-mail: ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО - "Шымкент қаласының жайлы қалалық органы дамыту басқармасы" ММ, мекен-жайы: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Каныбекова А.О.» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «ООС» для АГЗС ИП «Каныбекова А.О.» расположенной по адресу: г.Шымкент, Аль-Фарабийский район, ул. Казыбек би, 206/1.

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с 03.07.2026 г. в течение 5-ти рабочих дней, ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик ИП «Каныбекова А.О.», адрес: г. Астана, ул. Касыма Аманжолова, д. 3, тел.: +7 778 589 0069..

Разработчик: ТОО «Центр научных исследований и экологической экспертизы «KazEcoHolding»», адрес: г. Шымкент, район Абайский, ул. Мангельдина, дом 37, квартира 38, e-mail: ecosentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ: «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», адрес: г. Шымкент, Проспект Тауке хана, 6, e-mail: g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz, тел.: 8 (7252) 53-65-49.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru



Меншік иесі:
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:
Бейсенқұл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ
Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Әлия ӘУЕСБЕКОВА
Тарату бөлімі:
Дина ХАЙМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың
29 мамырында ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
тіркеліп, мерзімді
баспасөз
басылымдарын есепке
алу туралы №10166-Г
куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады
Газет «M-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй
Таралымы 3100 дана. Тапсырыс